Меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша түпнұсқалы ақпараттың мазмұнына қарай болжам нақтылықтың аз немесе көп деңгейімен сипатталады. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған қылмыстық топқа қатысты болжам нақтылау болу үшін, тергеуші әрбір топ мүшесіне қатысты мәліметтерді жеке – жеке жинақтап, оған саралау жүргізіп, жаңа болжамдар жасауы керек, өйткені қылмыстық топтың барлық мүшелері бірдей қылмыстық әрекетті жасауда ерекше батылдық танытуы мүмкін емес болғандықтан әрқайсысына қатысты жүргізілетін тергеу әрекеттері де әртүрлі болуы мүмкін.

Меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылық бойынша жүргізілетін тергеуді жоспарлауға қылмыс топпен жасалды деген болжам бойынша жүргізілген іс-әрекеттердің нәтижелері негіз болуы керек. Бұл нәтижелердің қорытындысына сәйкес меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды адамдар тобының ұйымдасып жасау фактісін дәлелдеумен бірге, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, қылмыстық топ мүшелерінің арасындағы байланысты және олардың тұрақтылық деңгейлерін дәлелдейтін мәліметтер де анықталады[4., 1026]

Мысалы, ұйымдасқан қылмыскерлер тобы Қарағанды қаласының орталығында орналасқан сауда үйінің дабыл қағатын сигнализациясын тоқтатып, шабуыл жасайды. Сол күні сауда үйінің ішінде кезекшілікте қалған күзетшінің қол аяғын байлап, ауызына шүберек тығып, көзін де жауып байлап тастайды, сауда үйіндегі алтын бұйымдар мен бағалы тондарды алып, оқиға болған орыннан тайып тұрады.

Күзетшіден алынған жауапқа сәйкес, болған қылмыскерлер саны үшеу деген болжам айтылған, дегенмен де оқиға болған жерде қалдырылған саусақ және аяқ іздерінің санына қарай қарай күзетшінің болжамы шындыққа сәйкес келетіндігі дәлелденген.

Алтын бұйымдары салынған сейфтің артқы және сол жақ қабырғасын орнынан жылжыта отырып оған саңылау жасаған, яғни оған баратын орынды кеңейте отырып, ішіндегі ақшаны алуға мүмкіндік туғызған.

Сейфті үш адамның орынан қозғалтқанын онда қалған саусақ іздері бойынша анықтаған. Осыдан келіп, қылмыстық құқық бұзушылықты үш адамның жасағандығы дәлелденіп тұр. Сөйтіп тонау болған жерден алынған айғақтар мен күзетшінің берген жауабына сәйкес тергеу жоспары жасалып, болжамдар құрылған, осыған негізделіп қылмыс жасаушыға қатысты жедел іздестірушілік шаралары ұйымдастырылып және төмендегідей жүргізілетін тергеу әрекеттері жоспарланған:

-қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы орын алған жерден табылған саусақ іздеріне дактилоскопиялық тіркеу бойынша тексеру жүргізу;

-осындай тәсілмен қылмыс жасаған адамдарды картотека бойынша тексеріп, олардың сол уақытта қайда болғандығы жайлы сұрау жүргізу;

-өткен жылдардағы ашылмаған осындай қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша уақытша тоқтатылған қылмыстық істердің материалдарын қайта қарап шығып, салыстырулар жасау;

-сауда үйіндегі барлық сатушылардан жауап алып, олардың бағалы заттар мен алтынды ұрланған бөлімнің сатушысымен ара қатынасы жайлы зерттеу жүргізу;

-сейфтің есігінде қалған сындыру іздеріне қатысты трасологиялық сараптама тағайындау (сындыру құралын, механизмін және сындыру үшін қанша күш қажет екендігін анықтау мақсатында);

-тонауды осындай әдіспен жасауға қатысы бар болуы керек деген күдікті адамдар шеңберін анықтап, олардан жауап алу.

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ұйымдасқан қылмыстық қауымдастық немесе топ жасаған қылмыстар туралы ақпарат алуда олардың мүшелеріне жауап алудың өзіндік ерекшелігі бар.

Меншікке қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша оны жасаған тұлғалардан жауап алу, олар туралы мейілінше толық ақпарат жинау, қылмыстық топтағы әрбір қатысушының рөлі мен кінәсін дәлелдеу, олардың жауаптылығын жекешелендірумен ерекшелендіріледі.

Меншікке қарсы топпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жауап алуда тергеу әрекеттерін жүргізудің өзіндік тактикасы бар: жауап алудағы белсенділік, жауап алудың мақсаттылығы, шынайылық және жан-жақтылық, жауап алушының жеке бас ерекшеліктерін назардан тыс қалдырмау, жауап беру кезіндегі жауап беруші мен жауап алушының процессуальдық жағдайы, ал егер күдікті немесе айыпталушы болса, онда оның қылмыстық қауымдастықтағы рөлі мен атқарған іс-әрекеттері барынша толықтай анықталуы тиіс.

Меншікке қарсы ұйымдасқан қауымдастықпен немесе топпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша күдікті немесе айыпталушыдан жауап алудың нәтижесі төменде келтірілген жағдайларға тікелей байланысты:

-жасаған қылмыстық құқық бұзушылығының түрі мен сипаты: пайдакүнемдік (тонау, қарашылық, қорқытып алушылық, алаяқтық), мүліктік (ұрлық, алаяқтық);

- ұйымдасқан қауымдастықпен немесе топ мүшесінің меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылық бойынша атқарған іс-әрекеттерінің түрлері және рөлі;

-қауымдастық немесе топ мүшесінің қылмыстық құқық бұзушылық жасағанға дейінгі өмірі мен атқарған қызметі; кәсібі, білімі, отбасылық жағдайы, соттылығы.

Меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша кей кездері электрондық санау машиналарында сақталатын ақпараттармен танысу міндетті болатын жағдайлар болуы мүмкін. Шын мәнінде бұл бағдарламалық өнімдерді қарау және пайдалану нәтижелері қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамды әшкерелеу ғана емес, сонымен қатар қылмыстың осындай түрінің алдын алуда да ерекше маңызға ие.

Егер, тонау компьютерлік ақпараттарды пайдалану арқылы жүзеге асырылған болса, онда тергеу жұмыстарын жүргізу барысында мұндай әрекеттерді қалай жасауға болатындығын анықтау үшін жұмысқа арнайы білімі бар мамандарды, яғни компьютер бағдарламаларын жасаушыларды, электрондық санау машинасының операторларын қатыстырған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1.С.И.Сейтказина. Меншікке қарсы қылмыстар бойынша тергеу және саралау жүргізудің ерекшеліктері. Тараз.2011.

2.Д.Б.Бұғыбайқызы. Меншікке қарсы жасалған қылмыстар бойынша оқиға орнына қарау жүргізудің маңызы. Алматы. 2011.

3.К.А.Бышевский «Криминологическая характеристика квартирных краж. Питер.2009.

4.К.Р.Архипова.Современное состояние преступлений против собственности. Санкт-Петербург. 2012.

АДАМ САУДАСЫ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУ

***Резюме.** В статье рассматриваются особенности торговли людьми. Исходя из анализа этого вида преступлений и детерминационного анализа характеризуются меры борьбы с торговлей людьми. Затрагиваются проблемы повышения роли правоохранительных органов в борьбе с данным видом преступности.*

***Summary.** Peculiarities of illegal human trade are considered in the article. Measures of counteraction to illegal human trade are characterised by means of research of this crime category and determination analysis. The author concerns the increase of the law-enforcement bodies' role in the struggle against this category of crime*

Сан ғасырлар бойы ата-бабалармыздың тәуелсіздік туралы аңсаған армандары, міне бүгін орындалуда. Қазақстан өз тәуелсіздігіне жетіп, жеке шаңырағын құрды. Қазақ елі халықаралық сахнада да өз орнын тауып, әлемге танылуда. Алайда, бір өкінішітісі дамудың даңғыл жолына түскенімізбен де бұл жолда кедергі болып отырған мәселелер әлі де баршылық және ондай мәселелер бойынша дер кезінде шешім қабылданбаса, соңы қауіпті зардаптарға толы болып кетуі де мүмкін. Сондай мәселелердің бірі адам саудасы.

«Қазақстан Республикасы Конституциясы мемлекетімізді демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады және оның ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»- деп жариялаған[1]. Халықаралық қауымдастықпен игерілген, тиісті халықаралық-құқықтық актілермен бекітілген және танылған құқықтар мен бостандықтар адамның әлеуметтік және заңды түрде қамтамасыздандырылған тәртіп шарасы болып табылады.

Олар бөлінбес, ажырамас қасиетке ие және адамның жүріп-тұру тәсілін еркін таңдау қабілетінде көрінісін табады, оған қатысты ешкім ешқандай тыйымдар мен шектеулер қоя алмайды. Десекте, біз өзіміз куә болып отырғандай адамның жалпыға танымал құқықтары өрескел бұзылуда. Адам құқықтары әртүрлі нысандарда бұзылады, олар адамның өмір сүру құқығынан бастап еркін сөзге деген құқықтарының шектелуі. Соның ішінде, қазіргі кездегі ең қауіптілерінің бірі – адам саудасы.

Адам саудасы қылмысының таралым ауқымы өте үлкен және ол трансұлттық қылмыстың құрамдас бөлігіне айналғанын БАҚ материалдарынан, күнделікті қылмыс оқиғаларының жасалу шеңберінен көріп отырмыз. Осыған сәйкес өз еліміздегі жағдайға көз жүгіртсек, Қазақстанның геогра-

фиялық орналасуы адам саудасының құрбандарын тасымалдау үшін қолайлы аймақ болып тұрғандығы шындық, Өйткені адам саудасы Қазақстанды айналып өтпейді, оның дәлелі көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның статистикалық мәліметтері бойынша, еліміз әлемдегі адам саудасы ең көп тіркелген елдердің арасында көш бастап тұр.

Осы орайда құзырлы органдар елімізде адам саудасы жаппай сипатта емес, алайда, жыл сайын бұл бағыттағы жасалатын қылмыстар саны артуда екенін айтады. Бұл мәселені өзге мемлекеттерге қарағанда тежеп тұрған құбылыстардың қатарына мемлекеттік саясатты, ұлттық менталитетті, экономикалық тұрақтылықты және құқық қорғау органдарының қызметін жатқызуға болады – деп көрсетеді[2, 346]. Алайда, адам саудасының алдын алуда бұл мәліметтер қылмыстың осы түрімен күрес мәселесіне әзірге шектеу қоюға болады дегенді білдірмейді, керісінше бұл бағыт бойынша атқарылатын іс-шараларды жүйелендіре түсу қажеттілігін білдіреді.

Ол үшін ең алдымен, қылмыстың алдын алуға қатысты атқарылатын іс-шаралар бағдарламаларына шет елдер тәжірибелерінің озық әдіс-тәсілдерін де пайдалануымыз қажет сияқты, атап айтқанда Ұлыбританияның адам саудасына қарсы іс-қимылдық тәжірибесіне тоқталатын болсақ, ең алдымен ол Корольдіктің адам саудасына қарсы күрес туралы заңын алып қарастыруға болар еді. Бұл нормативтік құқықтық акт екі бағытта қызмет атқарады:

Біріншіден, қатаң көші-қон ережелерін енгізу

Екіншіден, жұмыс күшін жалдау агенттігінің қызметін реттеу.

Аталмыш нормативтік-құқықтық актінің артықшылығы адам саудасымен күресті аяғынан емес, басынан бастап жүргізуінде, яғни көші-қон ережелерін қатайту арқылы сырттан адам кіргізбек түгіл, іштен де адамды шет елге шығару қиынға соғады дегенді білдіреді.

Сонымен қатар, Корльдіктегі кез-келген жалдау агенттіктерінің қызметі мемлекетпен реттеліп отыратын болғандықтан, аталмыш ұйымдар мәжбүрлі түрде жүзеге асырылатын еңбекті кеңінен пайдалану мүмкіндігінен әлдеқашан айырылған.

Осы орайда, біздің еліміз де өз тарапынан Ұлыбританияның тәжірибесіне сүйене отырып, мемлекетіміздегі көші-қон ережелерін қатайтса, сондай-ақ, мемлекет басшылығы елдегі барлық жалдау агенттіктерінің қызметін реттеуді тікелей өз қолдарына алып бақылауды қатайтса, ол әрекет те өз нәтижесін берер еді

Сонымен қатар, Италияда 11 тамыз 2003 жылы қабылданған «Адам саудасына қарсы күрес шаралары туралы» заңды да ерекше атап көрсеткіміз келеді. Бұл құқықтық акт Италияның Қылмыстық кодексінің 600-бабына елеулі өзгерістер енгізді, соған сәйкес қазіргі уақытта мәжбүрлі еңбекті қолданғаны үшін кінәлі тұлға 8-ден 20 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланатыны туралы ереже белгіленді.

Ол заңда, жазаның мұндай түрлері төмендегідей жағдайлар орын алған уақыттарда жүзеге асырылады, ең алдымен қауіп-қатер төнген кезде, алдау немесе билігін асыра пайдалану немесе тұлға денесінің не психикасының толық дамымаған адамның жағдайын, кедейшілік жағдайын өзінің мүддесіне заңсыз пайда табу мақсатында пайдаланған кезде.

Егер қылмыс он сегіз жасқа толмаған жастарға немесе сексуалдық қанау, жезөкшелік немесе мүшелерін алу мақсатында жасалған болса, көрсетілген жаза күшейтіле түседі және оны қолдану аясы 50% дейін артады.

Сондай-ақ, адам саудасының алдын алуға қатысты жүргізілетін іс-шараларының жүйелілігі мен тиімділігі бойынша назар аудартатын тағы бір мемлекет ол- Германия, өйткені ол мемлекет ежелден бері балалар мен жасөспірімдер еңбегін қорғау туралы дербес Заң қабылдап, балалар еңбегін қорғау туралы арнайы қағиданы басшылыққа алған.

Адам саудасының алдын алу туралы мәселеге қатысты АҚШ-тың тәжірибесі де назар аударарлық, өйткені олардың адам саудасына қатысты заңнамасында, интим-қызметтерін қолданған тұлғалардың қатаң жауаптылыққа тартылатындығы атап көрсетілген және мұндай келеңсіз жағдайлар орын алғанда кінәлі тұлғаларды арнайы жауаптылыққа ғана тартып қоймай, сексуалдық қызметтерге деген сұранысты азайту мақсатында халыққа ашық интернет-сайтында «Масқара қабырғасы» айдарымен олардың суреттерін де орналастырып, олар туралы мәліметтерді барлық қоғам мүшелеріне әшкере етеді.

Көптеген шет елдерде тәуліктің барлық сағаттарында қызу желілермен сенім телефондары бірлесе отырып, адам саудасының алдын алуға қатысты үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Елшіліктер және өкілдіктер ғимараттарында, әуежайларда, емханаларда, автобус аялдамаларында, қоғамдық көліктер мен жедел жәрдем машиналарында адам саудасы туралы оның жүзеге асырылу жағдайы мен тәсілдері, орын алатын зардаптарын ескертетін арнайы плакаттар жапсырылады.

Ал, АҚШ-та сексуалдық қанау үшін ең қатаң жаза-өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы, сонымен қатар, кәмелет жасқа толмағанды сексуалдық қанағаны үшін он жыл және күш қолдану, қорқыту, алаяқтық немесе мәжбүрлеу арқылы сексуалдық қанау немесе 14 жастан төмен кәмелет

жасқа толмағанды сексуалдық қанағаны үшін он бес жыл түрмеге қамау түріндегі жазалау шарасы қарастырылған.

Адам саудасының алдын алу іс-шараларын ұйымдастырумен қатар, Грекияда жезөкшеліктен, адам саудасынан немесе құлдықтан зардап шеккендердің уақытша тегін баспанаға, тамақтануға, дәрігерлік қарауға, психологиялық қолдауға, заңгерлік көмекке және жұмысқа орналасу үшін кәсіби дайындықтан өтуге құқығы бар.

Міне, осы жоғарыда келтірілген шеделдік тәжірибелердің озық тұстарын біздің елімізде де пайдалануға болар еді ғой, дегенмен бұл тұста әлі де болса кешеуілдеу баршылық. Осы орайда заңгер-ғалым А.А.Смағұлов «Адам саудасына қатысты іс-шараларды ұйымдастыруға қатысты бағдарламалар жасаған жағдайда орын алған жағдайларды талдау нәтижесіне қатысты ғана шараларды жоспарлаймыз, ал орын алу мүмкін жағдайлар үнемі назардан тыс қалады, осының өзі бұл қылмыс түрін жасауда ескерілмеген тәсілдерді пайдаланып қылмыстық әрекетті одан әрі жүзеге асыру мүмкіндігін береді», деп көрсетеді [3,876]

Ия, бұл пікірмен біз де келісеміз және ондай іс-шаралардың негізгілері ретінде қоғам мүшелерінің құқықтық білім деңгейлерін арттыруды үнемі жолға қоюды атап көрсетер едік.

Біздің елімізде 2003 жылдан бастап Адамдарды сату, заңсыз әкелу, әкетумен күрес мәселелері бойынша ведомстваралық комиссия жұмыс істейді, ол адамдарды сату, заңсыз әкелу, әкетумен күрес және адам саудасы құрбандарына көмек көрсету мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін құрылған және бүгінде ол комиссия көңіл толтырарлықтай біршама істер атқарғанды сөзсіз, дегенмен де елімізде қылмыстың бұл түрінің саны азаю орнына көбейіп келе жатқандығы атқарылған іс-шаралардың нәтижесінің әлі де болса мардымсыз екендігін көрсетіп отыр.

Атап айтқанда, ҚР ұлттық заңнамасын адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР халықаралық міндеттемелеріне сәйкес келтіру мақсатында «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» жеке Заң әзірлеу және қабылдау туралы осыдан екі жылдан астам уақыт бұрын осы комиссияға ұсыныс жасалған болатын, алайда ол заң тұрмақ, оның жобасы да әлі талқылаудан өткен жоқ.

Адам саудасының алдын алуға қатысты іс-шаралар жүргізіп, оны дер кезінде жүзеге асырып отыру қылмыстың осы түрін азайтуға әсерін тигізетін тәсілдің ғана бір түрі, сондықтан да адам саудасына қатысты қылмыстық жауаптылық туындаған тұста, тағайындалатын жазалардың қылмыс жасаушы тұлға мен қоғам мүшелерін қылмыстан сақтануға қатысты мақсаттарына жетуіне де мүмкіндік туғызу керек, яғни, қылмыстық саясатты ізгілендірген орынды, дегенмен де адам саудасына қатысты қылмыстық жауапкершілікті күшейту мақсатын-

да адамдар және кәметке толмағандардың саудасымен байланысты қылмыстарды жасаған адамдарға ескіру мерзімін қолданбау туралы нақты заң нормасын енгізу керек.

Е.О.Алауханов адам саудасының алдын алуға қатысты «ҚР құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен Орталық Азия сияқты адам саудасы құрбандары шығатын елдердің құқық қорғау органдары қызметкерлерін адам саудасын болдырмау және адамды саудаға салушыларды қудалау, адам саудасына байланысты қылмыстарды айқындау жөніндегі ынтымақтастықты нығайту мақсатында және тергеп-тексеру жүргізудің заманауи әдістемелері мен техникаларын зерделеу бойынша жүйелі түрде оқытылуын жүзеге асырғанда ғана тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем бойынша осы құбылысқа қатысты белгілі бір оң нәтижеге жетер едік», - деген пікір айтады[4, 696].

Ғалымның бұл пікірі өте орынды, шынында да бұл құбылыспен жеке дара алдын алуға қатысты жүргізілген іс-шаралар нәтиже бермейді, өйткені қылмыстың бұл түрі бүкіл әлемге таралып кеткен құбылыс және ол қару-жарақ сатумен наркобизнестен кейінгі үшінші орында тұр.


Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл (02.02.2011 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).*

2. *Шорманбаева А., Каракулова Г. Анализ текущего положения дел в сфере борьбы с торговлей людьми в Казахстане. - Астана, 2010 .*

3. *Смагулов А.А. К вопросу о развитии международного и национального законодательства о противодействии торговле людьми. Астана.2013.*

4. *Алауханов Е.О.Қылмыстың алдын алуға бола ма? Алматы.2010.*



ТЕХНИКА ҒЫЛЫМЫ
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ
TECHNICS



Мажибаева Гүлжан Пердебаевна

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Mazhibaeva.84@mail.ru

Башыгашова Эланора Амангелдиевна

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы,
elanora.bayshygashova@mail.ru

Рсалина Лаззат Азретовна

, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы, lyaz.jan@mail.ru

LABVIEW ПРОГРАММАЛАУ ОРТАСЫ НЕГІЗІНДЕ ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

***Түйін.** Мақалада виртуалды зертханалар туралы сұрақтар мен LabVIEW программалау ортасында бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу қарастырылған. Құрылған виртуалды құралдарды Интернетте қашықтықта қолдану үшін жариялауға болады. LabVIEW программалау ортасы әр түрлі үдерістер ағыны мен әлемнің құбылыстарына ұқсас өздігінен программа құрушыларға, оқу үдерісінде компьютерлік техниканы қолдану тиімділігін арттыруға және білім алушылардың шығармашылық белсенділігін құруға арналған.*

***Резюме.** В статье рассматриваются вопросы виртуальных лабораторий и разработки программного обеспечения виртуальных экспериментов на базе среды программирования LabVIEW. Созданные виртуальные инструменты можно опубликовать в Интернет для дистанционного использования. Среда программирования LabVIEW предназначено для стремящихся самостоятельно создавать программы, имитирующие протекание различных процессов и явлений окружающего мира, для повышения эффективности использования компьютерной техники в учебном процессе и формирования творческой активности обучающихся.*

***Summary.** The article discusses the issues of virtual laboratories and the development of software for virtual experiments based on the LabVIEW programming environment. The created virtual instruments can be published on the Internet for remote use. The LabVIEW programming environment is intended for those who want to create programs that imitate the course of various processes and phenomena of the surrounding world, to increase the efficiency of using computer technology in the educational process and to create creative activity of students.*

Қазіргі таңда Қазақстанда оқу үдерісінде электронды білім беру ресурстарын (ЭББР) өңдеуге және қолдануға көп көңіл бөлуде. Оқытушыға үйретуші бағдарламаларды, электронды энциклопедияларды және анықтамаларды және т.б. өте үлкен таңдау жасау мүмкіндігі берілген. ЭББР өңдеуде мультимедиаға едәуір көп көңіл бөлінеді, себебі ол ресурстардың көрнекілігінің сапалы болуына және

оларды оқу үдерісінде қолдануда тиімді болуына әсерін тигізеді. Жоғары деңгейдегі интербелсенді ЭББР білім алушы мен компьютер арасында тығыз қарым-қатынасты орнатады, оқушының жаңа материалды меңгеруінде қызығушылығын және шығармашылық белсенділігін арттырады. Мультимедиа-лық интерактивті білім беру ресурстарын құру өте көп уақытты және қаржыны қажет ететіні бізге белгілі.

Оқу үрдісінде осындай ресурстарға мысал ретінде қоршаған ортаның объектілері мен үдерістерін модельдейтін, сонымен бірге нақты зертханалық құралдарға қол жетімділікті ұйымдастыратын виртуалды зертханалар болып табылады. Оларды әсіресе, физика, химия, биология, модельдеу және т.б. пәндерін оқытуда қолдану тиімді.

Оқу үрдісінде виртуалды зертханаларды қолдану бір жағынан білім алушының мектеп зертханасында жоқ материалдармен және құралдармен тәжірибе жүргізу мүмкіндігін туғызады, сынақтарды жүргізуде тәжірибелік дағдысы қалыптасады, мысалы қымбат тұратын объектінің компьютерлік нұсқасымен танысады, жарылысқа қауіпті үдерістер мен жағдайлардың мүмкін болатын салдарынан қорықпай зерттеу жұмыстарын жүргізе алады. Бір жағынан виртуалды зертханалар аясында зертханалық құрылғылар мен жабдықтардың компьютерге қосылуы дәстүрлі мектептің физикалық және химиялық зертханаларды жаңа деңгейге, яғни бүгінгі күннің дамыған ғылым мен техниканың даму деңгейіне өтуіне мүмкіндік береді.

Виртуалды зертхана – бұл компьютерлік білім беру ортасында нақты өмірдегі объектілер мен үдерістерді модельдеудің бір түрі. Виртуалды зертхана ғылыми-жаратылыстану пәндері, мысалы химия, физика, биология және т.б. пәндері бойынша білім алушыларға жаңа білім мен біліктілік қалыптастыруда көмектеседі. Білім беру үдерісінің маңызды кезеңі ретінде білім алушылардың танымдық қызметін белсендіреді және шығармашылық білім алуға ынталандырады. Дәстүрлі білім беру үдерісінде мұндай мүмкіндік тек бірқатар қажетті зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтардың жиынтығын орындағаннан кейін туады. Бірақ

көбінесе қажетті құралдардың болмауының әсерінен бүгінгі күні білім алушылардың оқу үшін қызығушылығын арттырып, білім алуына әсер ететін қызықты және ерекше құралдарға, техникалық объектілерге, ғылыми зерттеулерге шектеу қойылады. Міне, осы кезде виртуалды зертхананың қажеттігі туындайды.

Виртуалды зертханаларды шартты түрде келесі ерекшеліктеріне қарай бөлуге болады:

1. Білім беру мазмұнын жеткізу контенті бойынша:

- компакт-дискілерде;
- Интернетте орналастырылған.

2. Қолданылатын зертханалық құрылғылар бойынша:

– математикалық модельдерді модельдеу негізінде;

- нақты зертханалық құралдар негізінде;
- өндіріс объектілер негізінде.

3. Көріну әрекеттері бойынша:

- екіөлшемді графика;
- үшөлшемді графика;
- анимация;
- видео;
- кіріктірілген ойнатқышты пайдалану.

4. Өткізілетін сынақтардың шектеу деңгейі бойынша:

- пәндік аймақ алдын ала бағдарланған сынақтардың жиынтығының шектеулігі бойынша;
- шектелмеген сынақтардың алдын ала дайындалған нәтижелері бойынша математикалық модельдерін қолдану.

Виртуалды зертхананың басты құндылығы оның негізгі мазмұны болып табылады. Жақсы новигация, түстер палитрасы, виртуалды эксперименттердің жылдам жүктелуі мен жұмыстың сапалылығы білім алу мен оны меңгерудің көмекші элементтері болып табылады. Сондықтан, виртуалды зертханаларды дамытуда оның ақпараттық мазмұнына назар аударылуға тиіс.

Виртуалды зертхананың тағы бір негізгі мүмкіндігі ол - виртуалды құралдардың жалпы техникалық тұжырымдамасы, яғни компьютерге аппараттық және бағдарламалық қамтама жиынтығының енгізілуі арқылы қолданушы компьютермен өзара өзіне арналып жасалған электронды құрылғымен жұмыс жасай алу мүмкіндігін айтуға болады. Виртуалды құрал мен виртуалды зертхананың елеулі үлесі - пайдаланушының тиімді графикалық интерфейсін, яғни оның компьютермен өзара іс-әрекетінің ыңғайлы, көрнекі графикалық суреттер түрінде пайдаланушының пәндік таныс аумақта графикалық мәзір жүйесін әзірлейтін, интерактивті режимін қамтамасыз ететін бағдарламалық құрал болып табылады. Графикалық интерфейс арқылы виртуалды құралмен жұмыс істеу арқылы пайдаланушы монитор экранында беткі тақтасында қажет құралды басқаратын нақты тақтаның моделін көреді [1].

Физика және химия пәндері негізгі компоненттерінің бірі зертханалық жабдықтармен және оның үдерістері, режим эксперименттік сипаттамаларын орнату және эксперимент барысында студенттердің белсенді әсері зерттеуді қамтамасыз етілетін зертханалық жұмыс болып табылады. Бұл автоматтандырылған зертханалық жұмыстар нақты құрылғылар негізінде және ұқсас математикалық модельдеу негізінде жүзеге асырылуы мүмкін [2].

Автоматтандырылған зертханалық жұмыстардың (АЗЖ) тиімді құралдары ретінде National Instruments компаниясының өңімі LabVIEW (Laboratory Virtual Instrument Engineering Workbench) программалау ортасы болып табылады. LabVIEW программалау ортасы виртуалды өлшеу жүйелерінің графикалық бағдарламалау тұжырымдамасына және сигналдарды енгізу/шығару жүйелеріне негізделген.

Виртуалды құралдардың LabVIEW зертхана ортасы өлшемдерді жүргізуде, оладың мәліметтеріне талдау жүргізуде стандартты құрал ретінде қолданылады. LabVIEW компьютердің операциялық жүйелерінде Windows, MacOS, Linux, Solaris және HP-UX қолдануға болады. Өлшеуші-басқарушы аппараттық бөліктермен және LabVIEW жабдыкталған компьютер толық физикалық зерттеу үдерісін автоматтандыруды қамтамасыз етеді. LabVIEW графикалық ортада осы мақсатқа жету үшін құрылған кез келген программа қарапайымдылықпен ерекшеленеді. Осы программаның даму динамикасын ерекше айтып өтуге болады. Ең бірінші нұсқасы National Instruments компаниясында өлшеу құралдарын программалаудағы уақытты азайту жолының нәтижесінде алғаш рет 1986 жылы шықты. Ал кейінгі нұсқалары 1990, 1992, 1993, 1996, 2000 және 2003 жылдары шыққан. Әрбір шығарылған нұсқалары алдыңғыларына қарағанда ең алдымен өлшеуші құралдармен мәліметтермен алмасуда және басқа программалық өніммен жұмыс жасауда мүмкіндіктері кеңейтіліп отырған [3]. Сонымен бірге, LabVIEW-дің қолданылу ортасы үнемі кеңейтіліп отырды. Білім беруде электротехника, механика, физика салаларында зертханалық жұмыстарында пайдаланылды. Сонымен қатар, LabVIEW ғылыми-зерттеу CERN (Еуропада), Lawrence Livermore, Batelle, Sandia, Oak Ridge (АҚШ) сияқты орталықтарында, инженерлік тәжірибеде, әуе кеңістігінде, су үсті, су асты флоттарында, өндіріс орындарында және т.б. жерлерде қолданылады. LabVIEW виртуалды құралдар технологиясы негізінде өлшеу жүйесін жасаудағы тиімді программалық құрал болып табылады. LabVIEW - бұл компьютерге орнатылатын көпарналы сандық өлшеу тақталарымен, машиналық көру жүйесі үшін видеобейнелерді синхронизациялау тақтасымен, қозғалысты басқару мен орындаушы механизм тақталарымен, сонымен бірге стандартты интерфейс арқылы RS-232, RS-485, USB, GPIB (КОП), PXI,

VXI компьютерге қосылатын өлшеу құралдарымен кешенді түрде біріктіру арқылы өлшеу, бақылау жүйелерін, кез-келген диагностикаларды және күрделі тәжірбелерді жасауға мүмкіндік береді. LabVIEW өзіндік мықты математикалық қолдауы бар. Бұдан басқа, LabVIEW ортасында MATLAB ортасында жазылған программаларды біріктіре алады. LabVIEW программалау ортасы үнемі жаңа сигналдарды өңдеу құралдарымен, анық емес логика алгоритмдерімен, желілік технологияларымен және т.б. кеңейтіліп отырады [4].

Ол АЗЖ виртуалды өңдеу құралы ретінде электронды мультимедиялық оқыту құралдарын дайындауда қолдануға болады.

LabVIEW бағдарламалау ортасының артықшылықтары:

1. Өлшеу жүйелерін құру барысындағы құрылатын қосымшалардың икемділігі.

2. Виртуалды құрылғылардың жоғары эргономикалық көрсеткіштері (vi – virtual instrument).

3. Программалау тілдері мен программалаудың күрделі әдістерін меңгеруді қажет етпейді. Графикалық программалау құралдарын қолдану арқылы қосымшаны блок-схемалар мен диаграммаларды қолдануды қамтамасыз етеді.

4. Құралдардың жиынтықтары

– пайдаланушы интерфейстің өлшеу және бақылау жабдықтарымен әзірлеу;

– эксперименттің нәтижелерін өңдеу;

– желілік қосымшаларды әзірлеу;

– SQL сұрауларын өңдеу және қашықтағы дерек қорларын қолдану;

– Common Gateway Interface (CGI) құру және веб-серверді пайдалану және т.б.

5. Басқа тілдерде (Паскаль, C, C++) жазылған бағдарламаларды өңделетін қосымшаларды бағдарламалық модульдерге енгізу мүмкіндігі.

6. National Instruments (LabVIEW, LabWindows, LabWindows/CVI және т.б.) компаниясының бағдарламалық өнімі стандартқа сәйкес жалпыға ортақ әмбебап жүйелерге арналған программалық қаптама өнімдерімен сертификатталған.

LabVIEW бағдарламасы басқа бағдарламалау құралдарына қарағанда графикалық дизайндарын жасау өте қарапайым, жеңіл, құрылған бағдарлама көрнекі және оқуға ыңғайлы болып табылады.

Сонымен бірге, LabVIEW бағдарламасын қолдану арқылы қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға болады. Қашықтықта оқытуда зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру үшін жергілікті немесе ауқымды желі Интернет қолданылады. Қолданушы үшін осындай әрекетті орындау үшін бағдарламалау кезінде жұмыс көлемінің және жүйе құнының артауы маңызды. Мұндай функцияны басқарушы қосымшаларды HTML құжаттарына ауыстыру технологиясын қолдану арқылы орындауға болады. Бұл жағдайда енгізу/шығару аппаратына қосылған компьютер мәліметтердің сервері, ал қашықтықтағы

ДК клиент рөлін атқарады. Сонымен қатар, арнайы мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету тек қана сервер платформасында орындалады, ал тұтынушылар Office құралдарының Web-браузерлерін пайдаланылады.

Қашықтан оқытудың зертханалық жұмыстарын құрудың тиімді шешімі ретінде LabVIEW программалау ортасында жүзеге асырылған графикалық бағдарламалық технология болып табылады. LabVIEW - кәдімгі бағдарламалаудың баламасы, яғни әдеттегі мәтіндік бағдарламалау жүйесіндегі мәселелерді шешеді, сонымен қатар мәліметтерді жинақтау жүйесін құрады, өлшейді және басқарады. LabVIEW көмегімен дәстүрлі мәтіндік бағдарламалар сияқты виртуалды құрылғылар көмегімен графикалық бағдарламаларды құруға болады. Виртуалды бағдарламаларды қолдану арқылы басқа бағдарламалардан мәліметтермен жергілікті желі немесе Интернет арқылы алмасуға болады.

LabVIEW ортасында мәліметтерді TCP/IP желілері арқылы мәліметтермен алмасудың үлкен мүмкіндігі қарастырылған. Мәліметтерді тарату үшін Web-сервер және WEB Publishing Tool құралы пайдаланылады. LabVIEW-дің Web-сервері HTML құжаттарын жасайды да желінің беткі тақтасына суретті шығарады.

Қашықтықтың жұмыс жасаудың келесідей мүмкіншіліктері бер:

- Қашықтықтан бақылау (мониторинг) – зертханадағы үдерістерді Web-браузер арқылы бақыланады.

- Қашықтықтан басқару – мәліметтерді өзгерту мүмкіндігі, үдерістерді басқару, хабарламаны жіберу мүмкіндерін қарастырады.

- Бірігіп жұмыс жасау – бірнеше қолданушы бір уақытта ЕП-да есеп беріп, өзара қарым-қатынас жасай алады.

LabVIEW ортасында құрылған программалық қосымшаларды виртуалды құралдар деп атаймыз. LabVIEW программасындағы нақты құралдарды басқару нақты физикалық сигналдарды өлшеуге мүмкіндік береді.

LabVIEW Диалогтік терезесі сурет-1:




Қолданушыға ұсынады:


- New бланк негізінде жаңа бағдарламаны құру;
- Open бар файлды ашу;
- LabVIEW конфигурацисын баптау және өзгеру құралдары мен өлшеу құралдары;
- LabVIEW көмегімен беттерді ашу;
- LabVIEW жұмысты аяқтау.

LabVIEW программалау ортасында қосымшаны өңдеу екі негізгі тақта қолданылады:

- алдыңғы тақта, ол басқару тақтасында ұқсайды және мұнда әр түрлі батырмаларды, графикалық индикаторларды, қатынс объектілерін, басқару және индикациялау құралдары және т.б. орналастыруға болады (сурет-2);



Сурет-2. Алдыңғы тақта



Сурет-3. Функционалды тақта

– функционалды тақта немесе диаграмма тақтасы, виртуалды құралдардың ағымдық кодын өңдеу үдерісі графикалық пиктограммалар түрінде әртүрлі функцияларды және олардың өзара байланысын орындайды (Сурет-3).

Өндіруші қосымшаларды құру барысында келесі құралдарды қолдану мүмкіндігі бар:

- құралдар жиынтығын алдыңғы панельдегі

басқару элементтері мен көрсеткіштерді қосу үшін пайдаланылады. Оның бетінде сандық, логикалық, жолдық көрсеткіштер мен реттегіштер; массивтер мен кластерлер; пайдаланушымен диалог құру құралы; графикалық ақпараттарды шығару және басқа да құралдар орнатылған.

– функция құралдар жиынтығы диаграммаларды құруға арналған. Оның құрамына программа құрылымын басқарушы циклдер, тізбектер, формулалар; сандық, жолдық және логикалық функциялар; массивтер мен кластерлерді өңдеу функциялары; айнымалыларды салыстыру функциялары; файлдарды енгізу/шығару амалдарын орындайтын функциялар; басқа белгілердің енгізу/шығару функциялары және т.б. кіреді.

– құрал-саймандар жиынтығы редакторлеу режимін жүзеге асыратын басқарушы батырмалар жиынтығынан тұрады. Мұнда ажыратқыштар және батырмалар орнын өзгерту, сандық реттегіштер мәнін басқару, объектілердің қозғалысы мен олардың өлшемдерін өзгерту; мәтіндік терезелерді ашу және редакторлеу; функционалды тақтада объектілерді біріктіру; объектілерді немесе фондарды бояу және т.б. құралдары орналасқан.

Бүгінгі таңда еліміздегі өндіріс орындарының біртіндеп экономикалық өсуі үшін заманауи автоматтандырылған құрылғыларды құрастыратын және онымен жұмыс жасай алатын білікті, білімді мамандардың қажеттілігі туындайды. Осыған орай осындай маңызды мәселелерді шешуге көмек беретін жоғары оқу орындарында LabVIEW программалау кешенің меңгерген жас мамандар екені анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Малыгин Е.Н., Краснянский М.Н., Карпушкин С.В. и др. *Новые информационные технологии в открытом инженерном образовании: Учебное пособие*. М.: «Издательство Машиностроение-1», 2003.

2. Морозов М.Н., Танаков А.И., Герасимов А.В., Быстров Д.А., Цвирко В.Э. *Разработка виртуальной химической лаборатории для школьного образования*,

< http://docs.mytimes.ru/list2_6086.html >

3. Жарков Ф.П., Каратаев В.В., Никифоров В.Ф. и др. *Использование виртуальных инструментов LabVIEW*. М.: Солон-Р, Радио и связь, Горячая линия- Телеком, 1999.

4. Пейч Л.И., Точилин Д.А., Поллак Б.П. *LabVIEW для новичков и специалистов*.-М.: Горячая линия-Телеком, 2004.

5. *LabVIEW 7 Express. Вводный курс*. М.: Изд-во «ПриборКомплект», 2003.

6. <http://www.labview.ru> – LabVIEW.

Мажипбаева Гульжан Пердебаевна
аға оқытушы, mazhibaeva.84@mail.ru

Рсалина Лаззат Азретовна
оқытушы, Lyaz.jan@mail.ru

НАҚТЫ УАҚЫТ РЕЖИМІН МАТЛАВ ОРТАСЫНДА МОДЕЛЬДЕУ

Түйін. Бұл мақалада нақты уақыт режимін matlab ортасында модельдеу жолдары көрсетілген. MATLAB ортасын баптау, жұмыс жасау үшін модель жинағы және нақты уақыт режимі үшін matlab-тың түрлі нұсқалары қарастырылған. Нақты уақыт режимін модельдеуді басқару үшін simulink блогының негізгі командалары қолданылған.

Түйін сөздер: модель, нақты уақыт, MATLAB

Резюме. В статье рассмотрены вопросы моделирования в реальной режиме времени. Приведены способы настройки среды MATLAB и сборки моделей для работы в реальном режиме времени в различных версиях MATLAB. Приведены основные команды пакета simulink для управления моделями в реальном режиме времени.

Ключевые слова: модель, реальное время, MATLAB

Summary. Tasks of real-time modeling are described. Features of MATLAB tuning and models design for real-time modeling in different versions of MATLAB are given. Basic commands of simulink extension for a control of models in real-time mode are shown.

Keywords: model, real-time mode, MATLAB.

Matlab - бүгінгі таңдағы кең таралған, автоматтандырылған математикалық есептеулер жүйесі болып табылады. Matlab ортасында математикалық есептеулер саласындағы барлық әдістерді және күрделі есептерді нақты есептеп беретіні белгілі. Сомен қатар нақты уақыт режимін matlab ортасында модельдеу, модельдің жеке параметрлерін өзгерту үшін, сондай-ақ модель осы өзгерістерге қалай жауап беретіндігін көру үшін қажет. Әрине, кідіріс орнатуға болады, мысалы step блогында баптаулап, оның нақты уақыт аралығында бұзылуына әсер етуге болады. Егер де осындай әсерлер көп болса, онда бірнеше step блоктарын орнатуға болады, бірақ олар модельді қиындатады. Сонымен қатар, модельдеу процессінде нысанның параметрлерін өзгерту керек болса, мысалы, аударым функциясының коэффициенті, сол кезде бұл процедураның орындалуы мүмкін емес болады. Модельдің параметрлерін орындау процессінде өзгертуге болады, бірақ, оны өзгерту көп уақытты алады. Қаншалықты көп уақыт орнатсақ та, күрделі модель үшін аударым процессі тез аяқталады. Дұрысында, біз модельдеудің уақытын емес, ауда-

рым процессінің графигінде көрсетілетін уақытты орнатамыз.

Біріншіден, нақты уақыт режиміндегі модельдеудің кеңістігін қарастырайық. MATLAB-тың түрлі нұсқаларында, әртүрлі жолдармен жүзеге асырылады. MATLAB 6.5-те мұндай режим жоқ. MATLAB 7.11-те ол төмендегідей жүзеге асырылады. Алдымен, Real-Time Windows Target kernel ядросын орнату қажет. Ядроның жүктелгендігін rtwho командасы арқылы тексеруге болады. Егер ядро жүктелген болса, Real-Time Windows Target is not complete деген хабарлама шығады.

Ядроны орнату үшін Rtwintgt –install (install сөзідің алдында сызықша міндетті түрде қойылады) пәрменін орындаймыз. Нәтижесінде You are going to install the Real-Time Windows Target kernel. Do you want to proceed? [y] немесе There is a different version of the Real-Time Windows Target kernel installed. Do you want to update to the current version? [y] : деген хабарлама шығады. [y]-ды және Enter-ды басамыз. Содан кейін, ядро баптауларылады немесе жаңа нұсқасына дейін жаңартылады. Егер орнату сәтті өтсе, The Real-Time Windows Target kernel has been successfully installed деген хабарлама шығады. Енді rtwho командасын терсеніз, Real-Time Windows Target version 3.6.0 (C) The MathWorks, Inc. 1994-2010 Running on Multiprocessor APIC computer. MATLAB performance = 100.0% Kernel timeslice period = 1 ms деген хабарлама шығады.

Модельдің баптаулары.

Сурет - 1 де берілген модельді жинаймыз. Модельдің баптаулары мынадай ретпен жүзеге асырылады:

Пәрмен терезесінде, модельдің орналасқан папкасын көрсетеміз, мысалы cd D:\2014\asutp\matlabrt\model07

Модельдің терезесінде меню Simulation > Configuration Parameters командаларын орындаймыз.


Сол жақ панельден Solver таңдаймыз.

Type ашылмалы тізімінде Fixed Stepті таңдаймыз.

Сол жақ панельден Real-Time Workshop таңдаймыз.

Оң жақтағы панельдегі System Target File тобында Browse батырмасын басып rtwin.tlc деген файды таңдаймыз.

Apple батырмасын және OK басамыз.



1 - сурет. Модельдің схемасы

Моделді құрастыру

Моделді іске қосуға дейін, алдымен оны құрастыру керек. Моделді құрастыру мынадай ретпен жүзеге асырылады:

меню Tools>Real-Time Workshop>Build Model командасын орындаймыз.

Айта кету керек, модельді құрастырған кезде оның Solver баптауларымын өзгертуге болмайды. Атап айтқанда, 100-ден 1000-ға дейін модельдеу уақытын өзгертсе, құрастырымын қайтадан жасау қажет болады.

меню Simulation > External командасын немесе simulation mode ашылмалы тізімде External-ды таңдаймыз.

Simulation > Connect Target командасын немесе Connect to Target батырмасын басамыз. Модельдің берілген тапсырманы орындайтынын жолақ көрсетеді.

Енді модельді Run батырмасымен іске қосуға болады. Модельдің шығу ахуалын Scope компонентінде көруге болады. Айта кету керек, модельді орналасқан бумасында құрастырған соң, екі қосымша бумалар жасалынады. Модельдің атауы бар бума, және srtj деген басқа бума. Бұл бумаға модельдің нақты уақыт режимінде жұмыс істеу үшін барлық қажетті ақпаратты орналастырады. Сонымен қатар, модельдің атауымен және gwd кеңей-


туімен қосымша файл жасалынады. Нақты уақыт моделін қайта пайдалану үшін буманың деректерін және файлды жоюға болмайды. Әйтпесе, модельдің құрастыруын қайта орындау керек болады.

Моделді пайдалану. Модельді пайдалану үшін оны ашып қою керек. Connect to Target батырмасын басқан кезде, Run батырмасы белсенді болады. Енді Run батырмасын басуға болады.

Айта кетсек, модельде пайдаланылатын айнымалылар болса, Мысалы, Gain блогында айнымалы G пайдаланады, бұдан бұрын кез келген мән берілген болса, іске қосылған модельдің мәнінің өзгеруі оның параметрлерін өзгертпейді. Моделдің параметрлерін өзгерту арнайы командалар арқылы жүзеге асырылады, олар кейінірек талқыланатын болады.

OPC блоктарын пайдалану.

MATLAB 7.11 ден бастап, SIMULINK кітапханасында OPC Toolbox қосымша бар. Сол қосымшада, OPC сервермен жұмыс істеуге арналған блоктар бар. Егерде модельдің нысанына OPC Config Real – Time блогын орналастырса, моделді іске қосқаннан кейін ол нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін болады. Сонымен бірге, OPC Config Real –Time блогын нақты OPC сервермен байланыстырмауға болады.



2 - сурет. Қолданылған OPC блогының моделі

Айта кету керек, OPC блогын қолданған кезде, басқа ешқандай да қосымша бумалар мен файлдар жасалмайды. Өзгерту моделдің айнымалыларына әсер етпейді.

MATLAB 2014 де ол төмендегідей жүзеге асырылады:

Нақты уақыт режимінде ядроны орнату. MATLAB 2014 те Real-Time Windows Target kernel ядросы әдеттегідей орналасқан.

Егер де ДК-да бұрынғы нұсқалы MATLAB болса, мысалы 7.11, және ядро орнатылған болса, `rtwho` командасынан кейін монитор Real-Time Windows Target version 4.4.0 (C) The MathWorks, Inc. 1994-2013. Real-Time Windows Target kernel version 3.6.0. Incorrect kernel version is installed. Use `'rtwintgt -setup'` to install the correct version деген ақпаратты көрсетеді. Осы ақпарат ядроның дұрыс орнатылмағанын білдіреді. Бұл жағдайда, модель нақты уақыт режимінде жұмыс істемейді, ядроны қайта орнату қажет. Пәрмен жолында `rtwintgt -setup` командасын теру арқылы орната аласыз. `rtwho` командасынан кейін монитор Real-Time Windows Target version 4.4.0 (C) The MathWorks, Inc. 1994-2013 Running on 32-bit computer деген ақпаратты көрсетеді.

Модельдің баптаулары осыған ұқсас түрде жүргізіледі, жеке өзгешеліктер қоспағанда.

Модельдің терезесінде меню Simulation > Configuration Parameters командаларын орындаймыз.

Type ашылмалы тізімінде Fixed Stepті таңдаймыз.

Егер автоматты қадам арқылы орындалмайтын болса (fixed step size алаңында), уақыт қадамы пайдаланылатын модельдің блогында (Sample Time), жиынтығының бірнешеуі болуы тиіс.

Сол жақ панельден Code Generation таңдаймыз.

Оң жақтағы панельдегі System Target File тобында Browse батырмасын басып `rtwin.tlc` деген файлды таңдаймыз.

Apple батырмасын және ОК басып модельдің орнатылымын аяқтаймыз.

MATLAB 2014-те модельді құрастыру қажет емес. Керісінше, ол автоматты түрде модель іске қосылғаннан кейін жүзеге асырылады. Барлық құрастыру туралы ақпарат автоматты түрде «Менің құжаттарым» бумасына орналастырылады, соның ішіне «MATLAB» деген қосымша бума құрылады. Моделі орнатылған соң simulation mode ашылмалы тізімде, External мағынасы автоматты түрде орнатылады. Кез келген модельді қалыпты режимге ауыстыруға болады, ол үшін ашылмалы тізімнен simulation mode таңдап Normal мағынасын таңдау керек. Модельді басқару үшін, оны іске қосып қойып, модельдің режимін және мәртебесін анықтап, параметрлерін өзгерту үшін бірқатар командалар орындалады. Негізгі пәрмендерді қарастырайық:

Модельді `sim` командасымен іске қосуға болады, мысалы `sim 'model.mdl'`

Екінші тәсілі, ол `set_param` командасын пайдалану, мысалы `set_param('model','simulationcommand','start')`

Бірінші дәлел ол модельдің аталуы

Екінші дәлел ол команданың түрі

Үшінші дәлел ол модельдің мәртебесі

Модельдің жұмыс істеу режимі модельдің нақты уақытта немесе нақты емес жұмыс істейтіндігін білуге мүмкіндік береді. Егерде команданың екінші дәлел ретінде `simulationmode` мағынасы орнатылған болса, моделдің жұмыс режимін `get_param` командасы арқылы анықтауға болады. Мысалы `r=get_param('model','simulationmode')`

Режим ретінде келесі мәндерді қайтаруға болады:

Қалыпты режим- `normal`

Жедел режим- `accelerator`

Нақты уақыт режимі- `external`

Егер екінші дәлел ретінде `simulationmode` мағынасын, ал үшінші дәлел ретінде режимнің мағынасын орнатса, `set_param` командасы арқылы режимді орнатуға болады. Мысалы: `set_param('model','simulationmode','normal')`

Құрастыруды нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін модельдер ғана қажет етеді. Құрастыруды тек бір рет жасау жеткілікті. Құрастыру `rtbuild` командасы арқылы жүзеге асырылады. Мысалы: `rtbuild 'model'`

Мәртебесін `get_param` командасы арқылы анықтауға болады.

Бірінші дәлел ретінде моделдің аты пайдаланылады.

Екінші дәлел ретінде `'simulationstatus'` мағынасы пайдаланылады.

Мысалы: `st=get_param('model','simulationstatus')`

Мәртебе ретінде команда келесі мәндерді қайтара алады:

- Модель іске қосылмаған- `stopped`
- Нақты уақыт режиміндегі модель – `external`.
- Модель іске қосылды – `running`.
- Модель кідірту режимінде – `paused`.

Тек қана ашық тұрған модельдердің мәртебесін анықтауға болады. Мәртебені `set_param` командасы арқылы орнатуға болады.

Бірінші дәлел ретінде моделдің аты пайдаланылады.

Екінші дәлел ретінде `'simulationstatus'` мағынасы пайдаланылады.

Үшінші дәлел ретінде келесі мәртебелерді пайдалануға болады:

- Іске қосу – `start`
- Токтату - `stop`
- Кідірту - `pause`
- Жалғастыру – `continue`

• Қосу, жалғау – connect (Нақты уақыт режиміндегі модель үшін).

• Өшіру – disconnect (Нақты уақыт режиміндегі модель үшін).

Мысалы: `set_param ('model ','simulationcommand','start')`

Мәртебені алған кезде, екінші аргумент ретінде `simulationstatus` параметры пайдаланылады, және егерде мәртебені екінші параметр ретінде орнатқанда `simulationcommand` пайдаланылатындығына назар аударайық. Егер де модель нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін болса, және іске қосылған болса, оның мәртебесі `external` болады, егер тоқтатылған болса мәртебесі `stopped` болады. Нақты уақыт режиміндегі моделді іске қосу үшін дәйекті командаларды орындау қажет:

```
set_param (' model ', 'simulationcommand','connect').
```

```
set_param(' model ','simulationcommand','start').
```

Нақты уақыт режиміндегі модельді тоқтату үшін берілген командалардың біреуін орындау қажет:

```
set_param(' model ','simulationcommand','disconnect') немесе
```

```
set_param(' model ','simulationcommand','stop').
```

`Stop` командасы модельді тоқтатып, босатындығына назар аударайық. Моделді қайта іске қосу үшін, екі команда ретін қайта орындау керек. Модельді нақты уақыт режиміндегі жұмысын `get_param(' model ','ExtModeConnected')` командасымен тексеруге болады. Модель салынбаған жағдайда `off` мағынасы, салынған жағдайда `on` мағынасы шығады.

Моделдің барлық блоктарының атауларын `find_system` командасы арқылы алуға болады. Дәлел ретінде модельдің атауын көрсету керек. Мысалы: `find_system(' model ')`

Нәтижесі пәрмен терезесінде:

```
ans =
```

```
' model '
```

```
' model /Constant'
```

```
' model /Transfer fct'
```

```
' model /G1'
```

```
' model /Scope' шығады.
```

Егер де, екінші параметрінің орнына нақты параметр атауын көрсетсеңіз, онда блоктың пара-

метрінің мағынасын `get_param` командасы арқылы алуға болады. Мысалы: `f=get_param(' model /G1','Gain')`

Нәтижесі пәрмен терезесінде `f =2` ретінде көрсетіледі.

Параметрдің мағынасын `set_param` командасы арқылы өзгертуге болады.

Бірінші дәлел ретінде моделдің аты және фракция арқылы блоктың аты көрсетіледі.

Екінші дәлел ретінде параметрдің аты.

Үшінші дәлел ретінде параметрдің мәні көрсетіледі. Мысалы: `set_param(' model /G1','Gain','3')`

Егер параметр ретінде айнымалы пайдаланылса, мысалы `K`, сол кезде, параметрдің мағынасын өзгерту үшін, ең алдымен айнымалының мағынасын өзгерту керек. Мысалы: `K=2`

Содан кейін `set_param(' model /G1','Gain','K')` командасын орындауға болады.

Параметрлердің мәндерін өзгерткен кезде, параметрдің атауын сондай-ақ қолайлы құндылықтарды атаулары білу қажет. Блокты бұру үшін `right`, `down`, `left`, `up` мәндерін қолдануға болады.

Модельдің параметрлерін жаңарту `set_param` командасы арқылы жүзеге асырылады.

Бірінші дәлел ретінде моделдің аты көрсетіледі.

Екінші дәлел ретінде `SimulationCommand` мағынасы көрсетіледі.

Үшінші дәлел ретінде `update` мағынасы көрсетіледі.

Мысалы: `set_param('model','SimulationCommand','update')`

